Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Ғылыми кеңесінің
2026 жылғы 29 мамырдағы

ҚАУЛЫСЫ

Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор **Алина Кулбайқызы Галеева** және механика-математика факультетінің деканы **Мадина Есімханқызы Мансурованың** «Университеттің білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау сапасын қамтамасыз ету шаралары туралы»; Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор **Марғұлан Қасенұлы Ибраимов** және диссертациялық кеңес төрағасы, тарих факультетінің деканы **Досбол Сүлейменұлы Байғұнақовтың** «Докоранттардың диссертацияларын мерзімінде қорғауы мен диссертациялық кеңестер және ғылыми жетекшілікті үйлестіруі туралы» баяндамаларын тыңдап, талқылай келе, Ғылыми кеңес

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор **Алина Кулбайқызы Галеева** және механика-математика факультетінің деканы **Мадина Есімханқызы Мансурованың**; Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор **Марғұлан Қасенұлы Ибраимов** және диссертациялық кеңес төрағасы, тарих факультетінің деканы **Досбол Сүлейменұлы Байғұнақовтың** баяндамалары назарға алынсын.

- «Университеттің білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау сапасын қамтамасыз ету шаралары туралы» баяндама бойынша:

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	• Қабылдау комиссиясының уақтылы ашылуы және құжаттардың үздіксіз қабылдануы қамтамасыз етілсін; • 2026 жылғы 1 маусымдағы барлық білім беру деңгейлері (бакалавр, магистратура, докторантура) үшін 2026 жылғы қабылдау науқанының күнтізбесіне қатаң сәйкестікте ҰБТ, КТ, шығармашылық және арнайы емтихандардың өткізілуі қадағалансын; • 2026 жылғы 31 тамызда Қазақстан Республикасы Жоғары білім министрлігінің нормативтік актілерімен бекітілген Үлгілік қабылдау ережелері мен Бірыңғай ұлттық тестілеуді өткізу	Боранқұлова Қ.Б.	31.07.2026

	ережелерінің қатаң сақталуы қамтамасыз етілсін; • 2026 жылғы 31 шілдеде талапкерлермен заманауи байланыс арналарын пайдалана отырып, қалалық және жекеменшік университеттердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін икемді маркетингтік жауап механизмдері енгізілсін; • Мемлекеттік білім беру гранттарының бөлінуін нақты уақыт режимінде ашық бақылау ұйымдастырылсын және гранттық байқау кезінде факультеттердің жұмысы жедел үйлестірілсін.		
2	• Қабылдау рәсімін жеңілдетуге және оқуға түсу кезіндегі әкімшілік кедергілерді азайтуға бағытталған құжаттарды тапсырудың айқын алгоритмі бар цифрлық қызметтердің жұмыс істеуі қамтамасыз етілсін. • «Электрондық үкімет» шлюзімен және Жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқорымен интеграциялау арқылы талапкерлердің жеке сәйкестендіру нөмірлерін (ЖСН) пайдаланып, олардың деректерін автоматты түрде алдын ала толтыруға арналған «Университет» ақпараттық жүйесінде бағдарламалық модуль әзірленіп, енгізілсін. • 2026-2027 оқу жылының басына дейін «Университет» ақпараттық жүйесінде триместрге негізделген білім беру жүйесін толық цифрлық қолдау функционалдығын енгізу қамтамасыз етілсін.	Жункебеков Б.Т.	30.06.2026 20.07.2026 20.08.2026
3	• Білім беру үдерісіне стратегиялық және гибридті оқыту модельдері енгізілсін (ғылыми жобалар курстары, ғылыми тағылымдамалар, зертханалық білім беру бағдарламалары, өндіріспен біріккен бағдарламалар, қос білім беру және қосдипломды бағдарламалар); • Өндірістік серіктестермен бірлесіп микробіліктілік бағдарламалары әзірленесін және оқу үдерісіне енгізілсін.	Факультет деканды	31.08.2026 31.12.2026 13.06.2026

	• Білім беру бағдарламалары портфолиосының аудиті жүргізілсін; • Тиімсіз, ескірген бағдарламаларды, нөлдік немесе төмен қабылдауы бар бағдарламаларды уақтылы жабу қамтамасыз етілсін. • ҚазҰУ-дың бакалавр дәрежесін алған үздік түлектерін магистратура және докторантура бағдарламаларында білімін жалғастыру үшін ұстап тұруға бағытталған факультет деңгейінде жүйелі кәсіби бағдар беру жұмысы ұйымдастырылсын; • Білім беру бағдарламаларының ашылуына/жабылуына байланысты веб-сайттағы, дисплей тақталарындағы және баспа материалдарындағы ақпараттар жаңартылсын.		30.06.2026 31.08.2026
4	• Еңбек нарығы мен рейтинг агенттіктерінің талаптарына сәйкес пәнаралық байланысқа, цифрлық құзыреттілікке (ЖИ/Деректер) және тәжірибеге бағытталған тәсілге баса назар аудара отырып, оқу бағдарламасының мазмұны қайта қаралсын; • Студенттерді нақты ғылыми гранттар мен халықаралық журналдардағы басылымдарға тарту үшін оқу бағдарламалары терең зерттеуге негізделген оқыту модельдеріне бейімделсін; • Мектептерге барумен қатар, дарынды оқушылармен, соның ішінде олимпиадалардың, тілдік және жобалық байқаулардың жеңімпаздарымен мақсатты түрде жұмыс жасалсын; • Түлектердің мансаптық траекторияларын, академиялық мобильділік, тағылымдамадан өту және кәсіби даму мүмкіндіктерін көрсететін әрбір кафедра оқу бағдарламасы үшін көрнекі түрде түсінікті ақпарат пен цифрлық материалдар әзірлесін.	Кафедра меңгерушілері	30.06.2026

- «Докторанттардың диссертацияларын мерзімінде қорғауы мен диссертациялық кеңестер және ғылыми жетекшілікті үйлестіруі туралы» баяндама бойынша:

1	• Әлеуеті жоғары докторанттарды қабылдау бойынша: • Докторанттарды қабылдау барысында мақалаларының болуы міндетті етілсін; • Зерттеу тақырыбы бойынша (Research proposal) жұмыс болуы қадағалансын.	Факультет декандары Кафедра меңгерушілері Боранқұлова Қ.Б.	Үнемі
2	• Докторанттардың уақтылы қорғау үлесін 40%-дан жоғары арттыру бойынша: • Әр факультет, ғылыми кеңесші докторанттармен үзбей жұмыс жүргізсін; • Ғылыммен айналыспайтын, әлеуеті жоқ докторанттар уақтылы оқудан шығарылсын.	Факультет декандары Кафедра меңгерушілері Ғылыми кеңесшілер	Үнемі
3	• Диссертациялық кеңестердің жұмысын цифрландыру бойынша: • Докторант, Кафедра, Ғылыми жетекші, Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасы, диссертациялық кеңес алдын ала қорғау/қорғау бойынша жұмыстар толық цифрлық жүйеге көшірілсін.	Кафедра меңгерушілері Диссертациялық кеңес төрағалары Қуанова Л.А. Жункебеков Б.Т.	2026-2027 оқу жылы
4	• Кафедралардағы ОПҚ құрамының ғылыми дәрежесі деңгейін 85%-ға арттыру бойынша: • Кафедраларда ғылыми дәрежесі бар ОПҚ құрамы көбейтілсін; • Жас ғалымдардың дер кезінде қорғауына жағдай жасалсын; • Жоғары ғылыми көрсеткіштері бар ғалымдарды кафедраға тарту жұмыстары жүргізілсін.	Факультет декандары Кафедра меңгерушілері	Үнемі
5	• Докторанттардың университетте зерттеу жұмыстарын жүргізуін қадағалау бойынша: • Докторанттардың ғылыми жетекшімен жұмыс атқаруы мақсатында	Факультет декандары Кафедра меңгерушілері	Үнемі

	университетке *Face ID* арқылы келуі қадағалансын.	Антаев Т.Х.	
6	• 1, 2, 3 курс докторанттарының ғылыми зерттеу жұмысы рәсімі негізінде жыл сайынғы *Graduate seminar* Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының қатысуымен өткізілсін.	Кафедра меңгерушілері Факультет деканды Қуанова Л.А.	Семестр сайын
7	• Жас ғалымдарға арналған жұмыс орнын даярлау бойынша: • Әр факультетте кемінде 50 шаршы метрлік жас ғалымдарға арналған жұмыс аудиториясы ұйымдастырылсын.	Факультет деканды Тастамбек Қ.Т. Тасыбаев А.Б.	01.09.2026
8	• Әр кафедрада берілетін жобаларға жас ғалымдар мен докторанттардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.	Кафедра меңгерушілері	үнемі
9	• Әр факультет және әр кафедра 2026-2027 жж. коммерцияландыру жөніндегі нақты жоспар әзірлеп ұсынсын.	Факультет деканды Кафедра меңгерушілері	30.06.2026
10	• Ғылыми атақ алған оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің ары қарайғы жарияланым белсенділігіне анализ жасалсын.	Тастамбек Қ.Т.	30.06.2026

Ғылыми кеңес төрағасы **Ж.Қ. Түймебаев**

Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы **М.Қ. Мәмбетова**